

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
«Балдырған» ортаңғы топ Ақпан айы (3-апта)

Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Тақырыпша: «Қыстап қалатын құстар»

Апта күні : «14.02-18.02.2022ж»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кенес беру.				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	Саусақтар ойыны «Жаңғақтар»	«Не қайда жатыр?»	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын»	Суретпен әңгіме: «Біздің көше»	«Қуыршақты оятпа» Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту.
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	№1-ші таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Қызықты лото»	Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жинау»	«Сиқырлы суреттер»	«Ойыншықты тап»	«Мозайка»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1.Музыка Тақырыбы: «Жол жүрушілер жыры» М. Қалжанова (қайталау)</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Су асты тіршілігі» (әңгіме жүргізу) Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Торғай»әңгіме</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Ә. Табылдиевтың «Машина» өлеңі</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ормандағы достармен кездесу»</p> <p>2.Математика негіздері Тақырыбы: «Алдында-артында. Жуан- жіңішке»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Микки-маус»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Жол жүрушілер жыры» М. Қалжанова (қайталау)</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: «Көңілді аққалалар»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіре де жүгіре де білеміз»</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын балық қайда тұрады?»</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Картотека №11 Бақылау: Мұзды бақылау.Мақсаты: Мұзды өрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұзбасатындығы жөнінде түсінік беру.Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілге</p>	<p>Картотека № 12 Бақылау: Қырауды бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрғанқырауды көрсететаныстыру. Жұмбақ: Терезеге қонады,Әсем ою ояды. (Қырау). Еңбек: «Тазаалаң». Мақсаты: Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу.Еңбексүйгіштікке үйрету. Жеке жұмыс:</p>	<p>Картотека № 13 Бақылау: Торғайды бақылау.Мақсаты: Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу. Еңбек: Құстарға жем шашу.Мақсаты:Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға</p>	<p>Картотека № 14 Бақылау: Күнді бақылау.Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қысқызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу,қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Картотека № 15 Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.Қимылдық ойын:</p>

	<p>н тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңажыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p>Аппақ, аппақ қар аппақ, Қар жамылған дала аппақ. Қырау, қырау тал аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Мақсаты: Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үйрете отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>баулу. Жеке жұмыс: «Торғай» тақпағын жаттату. Торғай, торғай тоқылдақ Жерден дәнді шоқып-ап, Бөтекесі бұлтыйып, Шик-шик етіп отырмақ. Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>	<p>Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылдық ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>	<p>«Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдау	Ұйқы ашар жаттығу №2 картатека	Ұйқы ашар жаттығу №3 картатека	Аудио ертегілер тыңдау	Ертегі оқып беру
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				

Ойындар, дербес әрекет	Сюж/роль ойын. «Балалар әлемі дүкені» рольдік өзара сыпайлық таныта әңгімелесу, ойыншықтар-ға қамқор болуға үйрету.	Сюж/роль ойын: «Құрлысшылар» ер балалармен құрлыс материалдарымен құрлыстар құрастыру.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу: «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Сюж/роль ойын. «Балалар әлемі дүкені» рольдік өзара сыпайлық таныта әңгімелесу, ойыншықтар-ға қамқор болуға үйрету.	«Менің достарым» сюжеттік рольдік ойын Мақсаты: балаларды ауыз екі тілде өз беттерімен әңгімелесіп сөйлеуге диалог түрін пайдалануға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дидактикалық ойын «Рет-ретімен ата» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Ағаштар туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын «Қорапша» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Әңгіме құрастыру «Менің бөлmem» Мақсаты: баланың сөздік қорын дамыту, достарының аттарын жатқа айту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс келді» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалаушы арқылы табуға баулу				
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес: «Балаларға таңертенгі жаттығу маңызды екенін айту».				